



Бекітемін _____
Мектеп директоры
А.Т.Бейсенбина

Келісемін _____
Мектеп директорының
тәрбие ісінің орынбасары
А.Е.Бейсенбина

"Біз және театр"

үйірмесінің 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары

жұма 16:00

Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі
Төлеубай Жұлдыз

2025-2026 оқу жылы

I. Театр үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

- Балалардың сана сезімін, жауапкершілігін, сауаттылығын, мәдениеттілігін, рухани дүниесін қалыптастыру.
- Балалар мен жасөспірімдерді көркемдік эстетикалық, шығармашылық, моральдік-этикалық нормаларды қалыптастыру, өнерге баулу.
- Балаларға актерлық шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным талғамын арттыру.
- Балаға актерлық техниканы меңгерте отырып, шығармашылық көзқарас, ойлау функцияларын қалыптастыру.
- Сахна мәдениетін өн бойына қалыптастыру, сахна тілін дамыту.
- Көпшілік ортада өзін этикалық нормаларға сай ұстауға тәрбиелеу.
- Үйірмеге қатысушыларға өнерге деген құштарлығын арттыру.
- Дұрыс сөйлеу техникасына икемдеу.
- Этикет нормаларына баулу және тәрбиелеу
- Шығармашылық ой-өрісті қалыптастыру және дамыту.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Тақырып	сағат саны	мерзімі	ескерту
1	Драма туралы түсінік	1	05.09.2025	
2	Тілін дамытуға арналған ойындар	1	19.09.2025	
3	Ертегі айта аламыз ба?	1	03.10.2025	
4	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бауырсақ» ертегісін сахналау	1	17.10.2025	
5	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шалқан» ертегісін сахналау	1	07.11.2025	
6	Сахнада өзін-өзі ұстау	1	21.11.2025	
7	Әдемі кину	1	05.12.2025	
8	Театр мамандары	1	19.12.2025	
9	Қиял-ғажайып ертегілер	1	09.01.2026	
10	Жануарлар туралы ертегілер	1	23.01.2026	
11	Саусақ театры «Қызыл телпек»	1	06.02.2026	
12	«Қызыл телпек» сахналық дайындық-дауыс мәнері, қимыл- қозғалыс жаттығулары	1	20.02.2026	
13	«Қызыл телпек» толық сахналау-сынып алдында шағын қойылым	1	06.03.2026	
14	«Көркем оқу және дауыс мәнері» кейіпкерлердің дауысын келтіріп айту (қасқырдың қорқынышты үні, әжесінің нәзік үні)	1	03.04.2026	
15	«Алтын балық» ертегісі-сахналық көрініс жасау, декорация ойлап табу	1	17.04.2026	
16	Шығармашылық шеберхана-«Өз ертегімді құрастырамын» (балалар өздері жаңа кейіпкерлер ойлап табады, қысқа сахна көрсетеді)	1	15.05.2026	

Тақырыбы: Ертегі айта аламыз ба?

Күні: 03.10

Мақсаты:

1. Оқушыларға халық ауыз әдебиетінің бір түрі ертегі туралы түсінік беру
2. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, өз бетімен жұмыс жасауға бейімдеу
3. Алғыр, ізденімпаз, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегі кітаптар, нақыл сөздер, тақырып жазылған плакат, суреттер, т.б.

Жүру барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Кіріспе

Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі өткелі отырған шарамызды ашық деп жариялаймыз. Бәріміз де кішкентайдан әжелеріміздің ертегілерін тыңдап өстік. Міне, бүгін де біз жаздың бір шуақты к.нінде тағы да ертегілер әлеміне саяхат жасамақпыз. Сайыс «Әжемнің ертегілері» өлеңімен ашылады.

Жүргізуші:

Әжем менің көп біледі ертегі,
Ерінбестен ертегіні шертеді.
«Ерте, ерте, ертеде» деп бастайды,
Бірнешеуін қабат айтып тастайды.
Еліктіріп, ертеке бізді баурайды,
Қызықпасқа ешбір лажың қалмайды.
«Айта берсе екен» деп,
Отырамыз «Ұйқыға «лә ерте» деп.

II. Сайыстың бағдарламасы

1. Таныстыру
2. Кішкентайынан жатқа білетін ертегісін баяндап беру, айту.
3. Ертегі кейіпкерінің дыбысын сомдау. (образға ену)
4. «Лагерь» тақырыбына ертегі құрастыру

III. Негізгі бөлім

Бұл шараға 4 топ мүшелері қатынасады.

1-топ «Балдаурен»

2-топ «Ақкөгершін»

3-топ «Балдырған»

4-топ «Болашақ»

1. Таныстыру

-Топ мүшелері өздерін таныстырады.

2. Кішкентайынан жатқа білетін ертегісін баяндап беру, айту.

1-топ «Балдаурен»- Мақта қыз бен мысық.

2-топ «Ақкөгершін» - Алтын балта.

3-топ «Балдырған» - Түлкі мен қырғауыл.

4-топ «Болашақ» - Аңқау арыстан.

3.Ертегі кейіпкерінің дыбысын сомдау. (образға ену)

1-топ «Балдаурен»- Мақта қыз бен мысық.

-Мысық кейпін көрсету.

2-топ «Ақкөгершін»- Алтын балта.

-Аңқау шалды сомдау.

3-топ «Балдырған» - Түлкі мен қырғауыл.

-Айлакер түлкіні салу.

4-топ «Болашақ» - Аңқау арыстан.

-Арыстан бейнесін сомдау.

5. «Лагерь» тақырыбына ертегі құрастыру.

әр топ өз бетінше ертегі құрастырып 10 минуттан соң құрастырған ертегісін әңгімелеп айтады.

Шарты:

1. Ертегінің басы болуы керек.

2. Негізгі бөлімі.

3. Ертегінің соңын жақсылықпен аяқтау. (мұратына жету)

ІҮ. Қорытынды

«Ертегі айта аламыз ба?» атты шараға қатысқан топ мүшелеріне рахмет айтылып, мақтау қағаздармен марапатталады.